

"Жібек Жолы: Өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті күшейту" өңірлік бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 сәуірдегі N 252 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған "Жібек Жолы: Өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті күшейту" өңірлік бағдарламасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, "Жібек Жолы: Өңірлік ынтымақтастық және даму мақсатында әлеуетті күшейту" өңірлік бағдарламасына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қытай Халық Республикасы, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан Үкіметтерінің жобасы

Жобаның нөмірі : RAS/04/xxx/

Жобаның атауы : Жібек жолы өңірлік бағдарламасы Жалпы салым: БҰҰДБ және қосымша қаржыландыру

(ЖЖӨБ): Өңірлік үлестері
ынтымақтастық және
даму мақсатында

әлеуетті күшейту

Күтілетін

күні : 01/01/2005

Күтілетін аяқтау күні : 31/12/2006

Орындаушы

Жобалық кеңсе :

агенттік

Пекин және Ташкент

1,000,000

бастау

БҰҰДБ (RBAP) US\$500,000

БҰҰДБ (RBEC) US\$500,000

DEX

БАРЛЫҒЫ БҰҰДБ: US\$

Елдер - Қытай, Қазақстан, БҰҰДБ Қытайда
бенефициарийлер : Қырғызстан, \$1,180,000
Тәжікстан және сомасына параллелдік
Өзбекстан елдік жоба жүзеге

асыруда

Конфиденциалды ақпарат
АСС секторы және суб-секторы:
- Жалпы даму мәселелері
- Ғаламдық өңірлік және көп секторлық
эко- және әлеуметтік дамыту

Қолдаудың стратегиялық бағыты:

Л Р А С қ а р а у к ү н і :

ВРАС қарау күні:

Атынан: Қолы Аты-жөні/Лауазымы Күні

БҰҰДБ:

Хафиз Паша, Әкімшінің Ассистенті және Азия және
Тынық мұхит елдері бойынша Өңірлік Директор

Калман Мижей, Әкімшінің Ассистенті және Еуропа
және ТМД елдері бойынша Өңірлік Директор

Қ ы т а й Х а л ы қ

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі:

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі:

Қ ы р ғ ы з

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі:

Т ә ж і к с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі:

Ө з б е к с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Үкіметі:

Қысқаша баяндама : Жібек Жолы өңірін дамытудың бірінші фазасы орта азиялық елдер: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, сондай-ақ Қытай арасындағы Ұлттық Үйлестіру Тетіктер (ҰҰТ) құру және жұмыс деңгейіндегі іс жүзіндегі қызмет арқылы өңірлік ынтымақтастық үшін негіз жасады.
Жібек Жолы өңірлік бағдарламасы (ЖЖӨБ) үш өзара байланысты мақсаттық салада нақты нәтижелерді іске асыру

арқылы ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық негіздерін бұдан әрі шоғырландырылатын стратегиялық фаза болып табылады:

- Жоба өңірдегі сауда мен транзитті кеңейтуге бағытталады, ШЫҰ шеңберіндегі мүше-елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың іргетасы болып табылатын мекемелердің әлеуетін күшейту арқылы экономикалық өсімнің жылдамдауына және бұдан әрі адамдық дамуына ықпалдасады;

- Жоба Жібек Жолының Инвестициялық Форумын құру арқылы Жібек Жолы өңіріне **инвестициялар** тарту тетігін құруға көмектеседі;

- Жоба "БҰҰДБ Жібек Жолының" Қаласы сыйды жасау арқылы Жібек Жолының өнерлері мен қолөнерлерін жылжытуды, сондай-ақ туризмді дамытудың тұрақты деңгейіне қол жеткізуге үлесті қоса, **туризмді** тұрақты дамытудың өңірлік жоспарын әзірлеуге көмектеседі

1-бөлім. ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯ

А. ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Жібек Жолы экономикалық қызметтің әлемдегі ең серпінді және өзекті орталықтарының бірі болып табылады. Жүздеген жылдар бойы сауда Шығыс пен Батысты байланыстырып, Орталық Азия және Батыс Қытайдың жолдарының дамуына және көбеюіне ықпал еткен және ғылымдардың, жаңа технологиялардың, сондай-ақ мәдени және экономикалық алмасуға жәрдемдескен. Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Қытай - негізгі рыноктарға қол жеткізу жолындағы көршілер, бірақ саяси разобщение және әуе және т/ж жүк тасымалдау секілді жаңа көлік мүмкіндіктерінің пайда болуы осы көне жолдарының әрекет етуінің тоқтауына және ғаламдық экономикалық күштерден алыстауына әкеліп соқты.

Жібек Жолы өңіріндегі экономикалық байланыстар жаңаруының әлеуеті аса маңызды байланыстырушы жүйе болып табылады. 1991 жылы Совет Одағының құлауы нәтижесінде тәуелсіздік алғаннан кейін жекешелендіру және сауданы ырықтандыруды күшейту үшін рыноктық бастамаларды енгізу процесінің ауыр жолынан өтіп, теңізге шықпайтын Орталық Азия елдері өтпелі экономиканың әртүрлі кезеңдерінде болады, алайда олардың өсім қарқындары оң. Жалпы рынокқа ие және 56 миллион адам халық санымен екі ірі держава - Ресей және Қытай арасында орналасқан Орталық Азияның халықаралық экономика жүйесіне ықпалдасу мүмкіндігі оның өңіраралық және -ішілік экономикалық ынтымақтастық көлемдерін кеңейту мүмкіндігі жағынан қаралады, өңірдің 32 ел арқылы өтетін көлік жүйелерін біріктіруді жоспарлайтын жақында қол қойылған "Азиялық магистраль" UNESCAP шарты экономикалық өсімнің екі негізгі жылжытқыш күштің - сауда мен туризмді дамыту үшін қосымша ынта береді.

Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның Қытаймен шекарасы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық облыс бойынан 2 060 миля құрайды. Қытай экономикасы адамзат тарихындағы экономикалық өсімнің ең серпінді және тұрақты деңгейіне қол жеткізді. Ол көлемі заңғар рыногы, тұрақты өсетін сатып алу қабілеттілігі және орта-азиялық өнімнің көбейетін импортын қабылдау, сондай-ақ өңірге капитал жеткізу қабілеттілігімен сипатталады. Алайда экспорттың артуына негізделетін Қытай экономикасының жылдам өсімі жағалау маңындағы өңірлер мен мемлекеттің ішінде

Теңізден алыс болуы, шағын экономикалық көлемдер, басты рыноктардан алыс болуы, сондай-ақ Совет Одағының құлауы Орталық Азия елдерінің саудасы мен транзитінің деңгейлеріне елеулі теріс әсер етті. Орталық Азиядағы жағдайдың күрделілігін көрсету үшін 2000 жылғы қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының Сессиясындағы өз сөзінде Қазақстанның Тұрақты Өкілі Орталық Азиядағы көлік шығындары өндірілетін импорт құнының 60 пайызына жетуі мүмкін екенін айтты.²

Қазақстан мұнай, көмір және табиғи газ секілді бай табиғи ресурстарға, сондай-ақ темір кені, марганец, хромовая руда, бокситтер және алтын секілді минералдар мен металдарға ие. Ел елеулі мал шаруашылығы да, дәнді дақылдардың өндірісі де дамып жатқан кең далалармен ауыл шаруашылығының әлеуетіне ие. Қазақстанның өнеркәсіптік секторы табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеуге және құрылыс жабдығын, тракторларды, ауыл шаруашылығы техникасын, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібі өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруде мамандырылған машинажасау секілді салыстырмалы ірі секторға негізделеді.

² Елші, Біріккен Ұлттар Ұйымын Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілі М. Б. Жарбуссынова ханымның сөйлеген сөзі, Нью-Йорк, 2000 жылғы 26 қазан.

Қазақстан рыноктық экономикалық жүйені жасауда елеулі прогресс көрсетті. Жеке сектор өнеркәсіп пен экономиканың барлық секторларында кеңінен көрсетілген. Ел 2000 жылдан бастап ТМД елдері арасындағы ең жоғары қарқынмен (орташа 9%-ға) **д а м у д а**.

ДСҰ-ға кіру, сондай-ақ экспортты кеңейту және әртараптандыру үкіметтің негізгі басымдылықтары болып табылады. Өзінің шағын ішкі рыногы және тауарларға деген әлемдік бағалардың ауытқуы кезінде елдің осалдығын күшейтетін шикізаттың экспортына тәуелділігі жағдайында сауданың ықпалдасуы Қазақстан үшін өте маңызды. Қазақстан қосымша құны бар тауарлардың экспортын бұдан әрі жылжыту мүмкіндіктерін іздеуде, сондай-ақ оларды әртараптандыруға және экспорттық сауданы кеңейтуге тырысады. Станоктар мен жабдық, автомобильдер мен инструментарий Қазақстанның ең үлкен бөлігін құрайды. Импорттың басқа да маңызды санаттары химиялық өнім, пластик пен резеңке, минералдар мен металдан жасалатын негізгі өнім, сондай-ақ азық-түлік өнімдері болып табылады.

Сонымен бірге Қазақстан Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан үшін осы Орталық Азиялық елдерді олардың негізгі сауда серіктес - Ресеймен байланыстыратын басты транзиттік ел болып табылады. Оның үстіне Қазақстан Орталық Азиядағы жол және темір жол инфрақұрылымның ең үлкен бөлігіне ие.

Қырғызстан 1998 жылдан бастап ДСҰ өкілі бола отырып, либералды сауда

саясатын жүргізуде. Ел өңделмеген алтынның экспортына (экспорттың 35%-на жуық), сондай-ақ мақта, темекі, жүн және еттің экспортына тәуелді.

Сыртқы сауда өтпелі кезеңінде ТМД рыноктарынан ДСҰ мүшелердің рыноктарына (негізінде Қытайға) қайта бағытталды. ТМД елдерімен сыртқы сауданың үлесі 1992 жылы 80,1% құраған, бірақ 2002 жылы 45.7%-ға дейін құлады; сол уақыт кезеңі ішіндегі ДСҰ мүшелерімен үлестің тиісті артуы 19.9-дан 52.9%-ға дейін құрады. ДСҰ-ға кіргеннен кейін сыртқы сауданың нақты өсім тенденциясы жоқ болса да, 2000-2002 жж. кезеңінде Қырғызстаннан тауар экспорты өскен. Салаға келетін болсақ, көлік, құрылыс және бизнес қызметтері секілді қызметтердің экспорты 1998 жылдан бастап салыстырмалы тұрақты өсуде, бірақ көлік және сақтандыру секілді қызметтердің импорты қысқарған. Мұның нәтижесінде қызметтер дефициті күрт аздалған.

Қырғызстанның географиялық орналасуы оны Еуропа мен Азия арасындағы табиғи байланыстырушы көпір етеді. Республиканың шоссе жолдары, темір жолдары және әуе көлігі жағынан маңызды транзиттік ел болу әлеуеті бар, және бұл мақсаттарында тиісті инфрақұрылымды дамыту оның кедей және алыс жатқан өңірлерге пайдалы болады.

Тәжікстанның экономикасы азаматтық соғыстың бірнеше жылдары және Ресейден рыноктары мен субсидияларды жоғалту әсерінен әлсіреген. Ел шектеулі мөлшерлердегі күміс, алтын, уран және вольфрам секілді табиғи ресурстарға ие. Өнеркәсіптік сектор ірі алюминий зауытымен, гидроэлектростанциялармен және негізінде жеңіл өнеркәсіп және азық-түлік өнімді өңдеу секторларында жұмыс істейтін шағын ескірген зауыттармен көрсетілген.

Тәжікстан өзінің негізгі экспорттық тауарлар - алюминий мен мақтаға бағалардың ауытқуына қатысты осал. Оның үстіне елдің макроэкономикалық тұрақтылығы ресми экономикалық көмекке тәуелді. Экономиканы ырықтандыруға қарай талпыныс жасағанға қарамастан жеке сектор алдында тарифтік емес кедергілер мәселесі тұр.

Өзбекстан теңізге шығуы жоқ елдермен шекаралас әлемнің екі елдің бірі болып табылады. Ел әлемдегі екінші ең ірі мақта экспорттаушысы, алтын және табиғи газдың басты өндірушісі және өңір әлеміндегі маңызды химикаттар және машина жабдығының өндірушісі болып табылады, Жоғары "қосымша құнына" ие өнімді өндіретін өнеркәсіптің басты салалары арасында - ұшақ жасау, автомобиль жасау, химикаттар өндірісі, электротехникалық және тоқыма жабдығы өндірісі.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Өзбекстан рыноктық реформаларда салыстырмалы төмен нәтижелерге жетті және оның орта жылдық экономикалық өсімі 2000 жылдан бастап 4%-ға жуық құраған. Өндірістік базаны күшейту және импортты алмасатын өнімнің өндірісін дамыту мақсатында Өзбекстан сыртқы сауда саласында сүйемелдеу саясатты қолданды. Таяу уақытқа дейін Өзбекстан өз валютасының айырбасталуы қатаң шектеулер қолданды. Импорт үшін жасалған кедергілер Өзбекстанның импорт көлеміне аздау әсер етті. Импорттың үлкен үлесі қапшықтық сауда және көршілес елдермен заңсыз трансшекаралық саудаға келеді. Мақта мен алтынға әлемдік

бағалардың елеулі өсуі, сондай-ақ 2002 - 2003 кезеңінде валютаның девальвациясы соңғы екі жыл ішінде Өзбекстанның төлеу теңгерімінің белсенді сальдосына үлес қ о с т ы .

Өзбекстан өз транзиттік әлеуетін дамыту үшін оң географиялық орналасуына ие. Ол жақсы дамыған жол және темір жол инфрақұрылымға және қажет көлік құралдарына ж ә н е д ә л і з д е р г е и е .

Ұлы Жібек Жолы өңіріндегі **Қытайдың** рөлі сөзсіз. Оның Азия экономикасының жартысын құрайтын экономикасы барлық қатынастарда зор. Қытайдың ДСҰ-ға кіруі және оның әлемдік экономикалық жүйеге едәуір терең ықпалдасуы жалпы Азия үшін маңызды мүмкіндіктер мен міндеттемелерді ұсынады.³ Қытай 1990-2002 жылдары кезеңінде әлемдік экспорттағы өз үлесін үш есе көбейтіп және әлемдік импорттағы өз үлесін екі еседен аса арттырып, бүкіл Азиядан экспорттың өсіп келе жатқан үлесін абсорбирлеп әлемдік саудадағы өз қызметін жылдам кеңейтті.

³ Елена Иванчови, Қытай, Сетапут, Сутиварт-Нареупут, Мин-Жао, 'Қытайдың ДСҰ-ға кірудің өңірлік әсері// Кэти Крамм және Хоми Харс редакциясымен. Шығыс Азия ықпалдасушы ретінде: Жалпы өсім үшін сауда саясатының тәртібі. - Вашингтон: Оксфорд Университи Пресс, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі/ Дүниежүзілік Банк, 2004, 21-бет.

Өндірістік қуаттылықтың жоғарылауына және жағымды бәсекелес жағдайға байланысты 2002 жылы күрт өсімнен (22.4%) Қытайдың экспорты 2003 жылы 34.6%-ға өскен. Импорт 2002 жылғы қарқынды екі есеге жуық арттырып күшті ішкі сұраныс, мұнайға деген жоғары бағалар және төмендеу тарифтерге байланысты 41%-ға артқан.

Қытай әлемдегі мыс, қалайы, цинк, платина, болат және темір кенінің ең ірі тұтынушысы және әлемдегі алюминий, қорғасын, никель және алтынның екінші ең ірі тұтынушысы болып табылады. Қазіргі уақытта Қытай әлемдегі мұнайдың екінші ең ірі тұтынушысы болып табылады, бұл ретте елдегі сұраныс 2003 жылғы әлемдік сұраныс өсімінің 35% құрайды.⁴ Осы жағынан Орталық Азия елдері Қытай үшін стратегиялық м а ң ы з д ы .

⁴ Азиялық Даму Банкі, 'Азиялық даму перспективалары 2004', Нью-Йорк: Оксфорд Университи Пресс, 2004, 43-бет.

Қытай экономикасындағы негізгі жылжытқыш күш болып табылатын жеке сектор дамуының қарқыны айқындалады. 2002 жылы Қытайдың жеке секторы (шетелдік капиталмен инвестицияланатын кәсіпорындарды қоса) бүкіл өнеркәсіптік өнімнің 60%-н өндірді. Бұл ретте жалпы ресурстар көлемінің 20% пайдаланды. Бүгінгі күні Қытайдың жеке секторында 20 миллионға жуық жұмысшы, сондай-ақ 100 миллион шаруа жұмыспен қамтылған. Оннан сегіз жұмыс орнын жеке шағын және орта

Қытайдағы экономикалық қарқын оның сан алуан халқы мен рынок көлемі ғана емес сонымен қатар оның экспортқа бағытталуы қолдайды. Қытайдың экспорттық рыноктарды кеңінен әртараптандыруға, сондай-ақ жаңа рыноктарға шығуға талпынуы батысқа бағытталған сыртқы саясаттың дамуына әкеліп соқты. Қытайдың Орталық Азияның транзиттік аумақ ретінде жандануының жеделдетушісі болу әлеуеті бар.

Мәселелер мен перспективалар :

Совет Одағының құлауы Орталық Азия ішінде де, оның шегінен тыс та саудадағы мәселелерге әкеліп соқты. Кәсіпорындар деңгейінде де бүкіл ел бойынша да сауда байланыстары жойылды. Жаңа республикалық шекараларда да, Орталық Азияның жекелеген елдердің ішінде де заңды және заңсыз өткізу пункттарында транзит үшін кедергілер туындады. Кейінгі қиындықтарды кейбір елдердегі макроэкономикалық саясат және басқа елдердегі қауіпсіздік мәселелері туғызды.

"Жұмсақ" деп аталатын саудадағы (саясат пен заңнамадағы) айқындалатын жақсартулар Орталық Азиядағы трансшекаралық сауда кезінде жүзеге асырылатын шығыстарға әсер ететін басты аспектісі болып табылады. Даулар, шекараларды жабу, көптеген кедендік пункттар, тарифтік және тарифтік емес кедергілер болжауға болмайтын соңғы бағалармен және жеткізу мерзімдерімен қатар жоғары көлік шығыстарына әкеліп соқты. Мұның барлығы өңірлік сауданы бұзып, сыртқы сауда және шетелдік инвестициялардың өсімі үшін елеулі кедергі болды. Сауданы әртараптандыру немесе жәрдемдесу жөніндегі әрекеттер әртүрлі нәтижелерге алып к е л д і .

Көлікті күшейту және дамыту, шекаралық мәселелерге жәрдемдесу трансшекаралық және транзиттік тауарлар ағындарын реттейтін саясатты, ережені және рәсімдерді бұдан әрі үйлестіруге бағытталған Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы туралы шарттар арқылы ғана мүмкін ⁵ .

⁵ Сауда мен транзит үшін кедергілердің тізбесімен қосымшаны қараңыз

А.2. Инвестициялар

Барлық Орталық Азия елдері ТШИ-ды тұрақты экономикалық және әлеуметтік даму үшін аса маңызды ретінде қарайды. Алайда, негізгі өңірлік басымдылық ретінде шетелдік инвестицияларды Орталық Азияға тарту әрекеттері сауданы кеңейтудегі сәйкессіз прогреспен, баяу жекешелендіру және ШОБ кәсіпорындары дамуының әлсіздігімен бейтараптандырылған. 2000 жылдан бастап Орталық Азия елдерінің көбінде саяси және экономикалық жағдай тұрақтандыра бастағанда, ТШИ ағындарының күшеюі байқалады.

Олардың көбісі мұнай өндірісіне, түсті металдар өндірісіне, инфрақұрылымға, алғашқы өңдеу өнеркәсібіне және қызметтер көрсетуге бағытталған. АҚШ, сондай-ақ

ЕО, Жапония, Түркия, Иран және Қытай ТШИ ең ірі көздері болып табылған. Қытай Орталық Азияға 1997 жылдан бастап 440 миллион долларды инвестициялады және 240 компанияны тіркеді.

Қазақстан негізінен, өзінің минералдық және мұнай ресурстарының байлығымен, сондай-ақ Шетелдік инвестициялар туралы заң сияқты жақындағы экономикалық реформалардың бастамашылығына сай ТШИ-ді тарту жоспарында жетістікке жетті. 2002 жылдың қыркүйегінде Қазақстанның кредиттік-рейтингілік қарым-қатынасы (Moody бойынша) инвестициялық класқа дейін өсті, яғни, Қазақстан осы деңгейге жеткен ТМД-ның елдерінің біріншісі болып табылады. Алайда, жеке сектордың сауда мен экспорттық аспектілерді дамытудағы күрделілігі ТШИ-ді тартуда және сауданы дамытуды жылжытуға оның табыстарына теріс әсер етті.

Экономикалық ырықтандыру Қазақстанға 1992-2003 жылдар кезеңіне 15 миллиардтан астам жалпы сомаға ТШИ-ді тартуға мүмкіндік берді, бұл ретте, елге жылдық инвестициялардың деңгейі 2-2,1 миллиард АҚШ долларын құрады. Елдің табиғи ресурстары шетелдік инвесторлар үшін негізгі қызығушылықты білдіреді. ТШИ-дің көпшілігі мұнайды өндіруге және металлургияға және коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы қазіргі күнге дейін шетелдік инвесторлар үшін тартымды болып қалуда.

Қырғызстанда ТШИ-мен байланысты қолайсыз үрдістерді түзету үшін байыпты күш-жігер қабылданды және бұл бағыттағы даму болашағы жақсы. Шетелдік инвестициялар 1997 жылы қабылданған Шетелдік инвестициялар туралы заңмен және 2003 жылы наурызда қабылданған Инвестициялар туралы заңмен реттеледі.

Шетелдік инвесторлар Қырғызстанда бірлескен кәсіпорындарды құрусыз меншіктердің және басқа да материалдық құндылықтардың жалғыз иелері болуы мүмкін. Олар Қырғызстанда оларға жұмыс істеуге және тұруға рұқсат ететін рұқсатнаманы автоматты түрде алуға құқығы бар және ДСҰ мен Шенген келісімінің мүшелері болып табылатын кейбір елдердің азаматтары елге рұқсатнамасыз кіре алады.

Осы және басқа да күш-жігерлер Қырғызстанға 2003 жылы шамамен 20 млн. АҚШ долларындағы сомаға ТШИ-ді тартуға мүмкіндік берді, бұл 2002 жылмен салыстырғанда төрт есе көп. 1992-2003 жылдар аралығында Қырғызстан жалпы сомасы 470 млн. АҚШ долларындағы шетелдік инвестицияларды тартты.

Тәжікстан азамат соғысынан кейінгі жылдар ішінде бейбітшілік пен тұрақтылықты күшейтуде біраз табыстарға жетті. Ол ТШИ-ді өзінің ең жоғарғы экономикалық басымдығы ретінде қарайды. Инвестициялау мүмкіндігі сауданы дамытуда кедергілерге ұшырағандықтан Үкімет халықаралық инвестицияларды тарту үшін он қадам ретінде оларды қарай отырып, экономикалық және банктік реформаларды жүргізуді қолдады.

1992 жылдан бастап Тәжікстан жалпы сомасы 240 млн. АҚШ долларынан астам

жалпы сомаға ТШИ-ді тартты (2002 жылы - 36 млн. АҚШ доллары, 2003 жылы - 24 млн.АҚШ доллары). Алайда, сыртқы берешек сомасын арттыру болашақта Тәжікстанға кредиттік рейтингіге кедергі келтіруі мүмкін, ол одан да төмен ТШИ ағымына теріс с а л д а р ғ а а л ы п к е л е д і .

Өзбекстан ресурстарға бай және Орталық Азия елдерінің арасында халқының саны көп. Ол шетелдік инвесторлар үшін әлеуетті тартымды болып табылады. Үкімет бір мезгілде нарықтық қатынастарды жеделдете отырып, одан кейінгі екі жыл ішінде жылжымайтын мүліктің мемлекеттік объектілерінің көпшілігінің жекешелендірілуін қ о л д а й т ы н б о л а д ы .

ТШИ-дің 1992-2003 жылдар кезеңі үшін жалпы сомасы шамамен 870 млн.АҚШ долларын құрады (2002 жылы - 58 млн.АҚШ доллары, 2003 - 40 млн АҚШ доллары). Жалпы инвестициялардың бөлігі ретінде шетелдік инвестициялардың үлесі 1996 жылдан 19%-дан 2001 жылы 33,7% өсті. Экономикалық ырықтандыру жөніндегі жақындағы қадамдар аяқталмаған 2004 жылдың деректері бойынша 1 млрд-тан астам АҚШ долларын құраған ТШИ-дің ағымына оң әсер етті.

Қытай өз экономикалық табысын ТШИ-ді тартуда құрды. 2003 жылы ол 53 миллиард АҚШ долларынан астам сомаға шетелдік инвестицияларды тартты. 2002 жылы ДСҰ-ға кіріп, ол өз саудасын одан әрі ырықтандырды, кеден тарифтерін қысқартты және шетелдік инвесторлар үшін қызметтерді жақсартты. Ол жаңа рыноктарға белсенді инвестициялауға тырысатын дамыған жеке сектор мен тәжірибе жөнінде Орталық Азия үшін көп нәрсені ұсына алады. Қытай Үкіметі өзінің солтүстік-батыс өңірлерінің өсуін ынталандыруға бағытталған өңірлік саясатты жедел бастады. Жібек жолының бойындағы (Шыңжаң, Гансу, Квингхай, Шангси, Нингсия және Шанкси) облыстарды даму саясаты мен преференциялық (мүмкіндігінше) инвестициялар бар. 2001-2005 жылдар кезеңінде теміржол желісін дамытуға 12 миллиард АҚШ доллары пайдаланылатын болады, сондай-ақ шығысты батыспен жалғастыратын ұзақтығы 4000 шақырымдық табиғи газ құбыр өткізгіші салынды. Батыс өңірлерге инвестициялар 2002 жылы орталық (20%) немесе шығыс (16,2%) өңірлерге қарағанда 20,6% өсті. Шыңжаң үшін дамыту жоспары 2001-2005 жылдар кезеңіне 10% жылдық өсу қарқынның болжамын береді. Инвестициялардың өсуі 13,5%, ал сыртқы сауда 9% жоспарлануда.

Пайдалы қазбаларды өндіру, тамақ өнімдерін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын шығару, тракторларды құрастыру және ауыл шаруашылығын дамыту сияқты болашақ өнімге айырбасқа капиталдық негізде инвестициялай отырып, Орталық Азияға тікелей инвестициялардың көптеген жобаларына бастамашылық жасады. Бұл ретте, капиталдық инвестициялардың көлемі капиталды, еңбекті беруді қамтитын қазіргі күнгі іске асырылған жобалар жоғары болған жоқ және ноу-хау өзінің табыстылығын көрсетті. Инвестициялық мүмкіндіктерді күшейту мақсатымен банк қызметтеріндегі сауда қызметтерін жақсарту; бизнес ақпарат қызметтерін беру; кәсіпорындарға

инвестициялау үшін мүмкіндіктер мен техникалық ынтымақтастықты іздестіру үшін Қытай мен Орталық Азия елдерінің арасындағы екіжақты негізде бірлескен Комиссия құрылған.

Көлік жүйесін дамыту Орталық Азия мен Қытай арасындағы неғұрлым тығыз экономикалық қарым-қатынастарды дамыту үшін сындарлы маңызды болып табылады және өңірлік негізде тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) тартуға неғұрлым мақсатты тәсіл қажеттілігінің негізгі үлгісі болып табылады. Жартылай құрылған немесе жоспарланған физикалық инфрақұрылым тауарлардың тоқтаусыз ағыны үшін жартылай және толық емес болып табылады (ii-қосымшасын қараңыз). Теміржол желісі үлкен инвестицияларды талап етеді: көлік қозғалысы үшін жарамды халықаралық жолдар аз және тиімділіктің ең жоғары деңгейіне дейін көлік жүйесін көтеру үшін жаңа ақпараттық технологиялар талап етіледі. Болашақ экономикалық өсудің талаптарына жауап беретіндей инфрақұрылымды жаңарту үшін қазірдің өзінде көп іс тындырылды. Алайда, қаржыландыру басты кедергі болып табылады. Өндірістік және шоғырландырылған көлік жүйесіне қажеттілікке назар аудару бірінші кезекке жаңа қаржылық шешімдердің және жеке және мемлекеттік сектордың арасындағы әріптестік (ЖМСӨ) қажеттілігін шығарды.

Өңірге ТШИ тартудың тиімді тетігі немесе тұтастай алғанда жарнаманың мүмкіндіктері жоқ. Бұдан әрі келісілген өңірлік күш-жігер және инвестициялық кедергілерді жою мақсатымен ішкі рынокты үздіксіз ырықтандыру талап етіледі.

А.3. Туризм

Дүниежүзілік Туристік Ұйымының (ДТҰ) бағалауы бойынша туристердің ағыны 3 есе артады және 2020 жылы 15 миллиардқа жетеді. Тоқтаусыз жылдамдық және әлемдегі туристік өнім өсімінің көлемі бірегей және нәзік мәдени орындарға, инфрақұрылымға, жергілікті ресурстарға және қоршаған ортаға күшті әсер етуге алып келеді. Туристік өнімді ұзақ мерзімді көру, жоспарлау және бақыланатын дамыту жергілікті қауымдастықтарға туризмнен экономикалық пайданы әкелу кедейлікті қысқарту және қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті.

Жібек жолы өңірінің магниттік тартуы әсіресе, соңғы он жылдықта әлемде жыл сайын 15% өсетін **мәдени туризмді** дамытуға сай келеді. Тарихи орындар мен дәстүрлі өнер мен кәсіпшілік бай әртараптандырылған туристік өнімді ұсынады. Алайда бұл мүмкіндіктермен қатар қауіпті де көздейді. Елдің қаржылық және әлеуметтік прогресіне үлес қосып тұрақты болуы үшін табиғатты сақтау және туризм бір-бірін өзара толықтыруы тиіс. мемлекеттік және жеке секторлар осыған қол жеткізу үшін жергілікті қауымдастықтармен бірлесіп жұмыс істеуі тиіс. ДТҰ экономикалық даму арасындағы балансқа қол жеткізудің төрт қағидатын пайдаланады: мәдени туризм саясаты мұраны сақтауды көздеген қызметпен байланысты болуы тиіс; мұраны сақтау басым келеді; жеке және мемлекеттік секторлар арасындағы серіктестік (ЖМСС) жергілікті қауымдастықтар одан пайда алу үшін жоғары технологиялық машықтарды

беру және туризмді оқыту мақсатында нығайтылады; азаматтық қоғамның жағынан мәдени туризмге мүдделіліктің болуы қажет.

Жібек Жолы елдері өз өнімін ұзақ мерзімде әртараптандыра алуы қажет. Жібек Жолы өңірі **экотуризмді** дамыту үшін өңір ретінде елеулі әлеуетке ие. Шағын кәсіпорындар экотуризм секторының негізін құрайды, бұл ретте көптеген экотуризм операторлары шағын топтарға немесе жекелеген тұлғаларға арнайы қызметтер көрсетеді. Экотуризм қоршаған ортаны сақтау, қоғамның қатысты, өзгерту, оқыту және басқару арқылы экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты күшейтеді. Ұлттық зерттеу немесе ғылыми институттар, халықаралық серіктестер немесе жергілікті қауымдас туристік жобалар секілді басқа да серіктестермен ынтымақтастық ақпарат және өнім сапасы деңгейін арттыруға көмектеседі. Жаксы зерделеген және басқарылатын маркетинг арқылы экономикалық тұрақтылық экотуризмнің негізгі бөлігі болып табылады. Көптеген оңды әрекеттер етілді, бірақ кейбір елдерде әлі күнге дейін туризмді шектейтін мемлекеттік реттеу бар.

Қазақстандағы туризмге шығындар 2002 жылы 621 миллион АҚШ долларға жетті, бұл 1998 жылғы жалпы шығыстармен салыстырғанда 50% өсім құрады. Шығыс Азия мен Тынық мұхит өңірінен туристердің келуі 2001 жылға қарағанда 23% өсті. Қытайлық туристердің саны 17%-ға өсті. Қазақстан 2001 жылы "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы заң" қабылдады. Заң экотуризмді дамытудың үшін нормативтік-құқықтық негізін салды және лицензиялау жүйесін қабылдады. Сертификаттау жүйесі әзірленген. Туризм саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстанның Индустрия және сауда министрлігі, сондай-ақ жергілікті уәкілетті аумақтың органдар жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Үйлестіру Кеңес жұмыс істеуде.

Қырғызстандағы туризм жыл сайын 10-15% өседі. Туризмнен түсімдер 1998 жылға қарағанда төрт есе өскен және 2002 жылы тұтастай 36 миллион АҚШ доллар құрады. Туристердің көбісі Еуропадан келеді (туристердің бүкіл рыногынан 63%), ал Қытайдан Қырғызстанға туризм 2001-2002 жж. арасында бүкіл рыноктық үлестен 5%-н құрап, 43%-ға өсті. Алайда инфрақұрылым нашар дамыған және шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық ахуал салыстырмалы тартымды болса да, осы секторды дамытудың жеткілікті сипатына байланысты туризм секторына инвестициялар баяу болды. Қырғызстандағы жауапты экотуризмді дамытуға қолайлы жағдай туғызатын ережелер жоқ.

Тәжікстандағы туризм жаңа ғана жандандыра бастады, бірақ 1998 жылғы 3.190-дан 2002 жылғы 5.200-ге дейін тұрақты өсуде. Памир секілді табиғатының әсемдігімен игерілмеген өңірлер шытырман оқиғалы және экотуризмді дамыту үшін елеулі әлеуетті ұсынады, және 2006 жылы халықаралық қонақүйді ашу жоспары бар.

Өзбекстанның Бухара, Самарканд және Хива секілді тарихи көрнекті жерлері Жібек Жолының көне даңқының белгісі болып табылады. Өзбекстандағы туризмге

шығыстар 1998 жылғы 167 миллион АҚШ доллардан 2002 жылғы 68 миллион АҚШ долларға дейін төмендеген кезде өңірдегі қауіпсіздік жағынан қауіпке байланысты ел болашақты даму үшін бар әлеуетке ие. Шығыс Азия мен Тынық мұхит бассейнінен келетін туристер 2002 жылы рыноктық үлесінің 58,8%-н құрады. Өзбекстан туристік қызметтер көрсету рыногын және туризмді дамыту үшін заңнамалық негіз жасау жөніндегі жұмыс істеуде. Мемлекеттік компаниялар акционерлік қоғамдарға, бірлескен жеке кәсіпорындарға қайта құрылды. ЕО, АҚШ елдері, Жапония үшін туризм саласы үшін рәсімдер жеңілдетілген және шағын және орта көлемді қонақ үйлер салуға көмектесу үшін туризм секторына ТШИ тарту жолдары ізденуде.

Болжамдарға сәйкес 2020 жылғы қарай **Қытай** жыл сайын 100 миллион туристер тартып басты туризм елі болады. Демалысқа шетелге баратын қытайлық туристердің саны 2001 жылға жалпы 12,13 миллион құрап, 1998 жылғы 1 миллионға өсті. Осы цифр 2020 жылға қарай 100 миллионға дейін өседі. Туризм қытай экономикасының түпкі мәні ретінде қаралады және Дүниежүзілік Саяхат және Туризм жөніндегі Кеңес (ДСТК) деректеріне сәйкес туризм секторы 2004 жылы 183,6 миллиард АҚШ доллар құрайтыны күтілуде. 2003-2004 жылдары осы секторда жұмыспен қамтылуының 21,3%-ға өсуі пайда болды, бұл осы елдегі жұмыспен қамтылудың жалпы пайызынан 1,9%-н құрайды. Әуе жолдарының тұрақты рейстері бар және Жібек Жолы бойында орналасқан әртүрлі елдерге туристік бағыттар өткізу мүмкіндіктерін арттырып, қытайлық қалаларды Орталық Азия қалаларымен біріктіретін жолдар салынуда.

1994 жылғы Самарқанд Декларациясы іс жүзіндегі тұжырымдаманы дамыту және жылжыту үшін бір ұранмен Жібек Жолы елдерін біріктірді. Көлік инфрақұрылымы тұрақты жақсаруда. Өзбекстанның Самарқанд, Бұхара және Ургенчтегі әуежайлар халықаралық қуаттылықтарға ие. Ташкентте, Бішкекте және Алматыдағы әуежайлар елеулі жаңарылған. Алайда туризм экономика және жалпы қоғамды дамытуға үлес қосу үшін шешуі тиіс елеулі мәселелер қалуда.

Туризмді дамыту жолында тұрған кедергілер :

- Туристердің кедергісіз трансшекаралық жылжуына көптеген кедергілерге байланысты Жібек Жолы бойындағы бағыттарға енгізілген баратын елдеріне келіп-қайту іс жүзінде мүмкін емес.

- Дүниежүзілік Сауда Ұйымына сәйкес туристік саяхаттар кезінде белгіленген нормалар мен ережелерді (рәсімдіктер) сақтау Жібек Жолы бойындағы саяхаттар мен туризм өсімі үшін ең қиын кедергі болуы мүмкін.

- Қалыптасқан визалық режимдер және рәсімдер ауы және көп уақыт алады, ал шығындар жоғары. Кейбіреулер визалық мәселені келіссөздерге жатпайтын мәселе ретінде қараса, жекелеген визалық мәселелерді жеңілдету экономикаға өте жағымды әсер етуі мүмкін.

- Жібек Жолы елдеріне және олар арасындағы келу мүмкіндігін жақсарту қажет. Негізгі туризм рыноктары, яғни Жапония, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка үшін

келу мүмкіндігі әсіресе маңызды. Орталық Азия елдеріне шоссе және темір жолдарымен келу оңай емес, жолаушылардың саны аз болған кезде әуе рейстерінің жиілігі төмен. Қауіпсіздік қауіп төндіреді. Тұру үшін сапалы орындарының болуы ш е к т е у л і .

- Көптеген Жібек Жолы елдері туризм секторына қатысты жоспарлық экономика шараларын қабылдайды. Лицензиялар және нормативтік-заңнамалық режимдер Жібек Жолының басқа елдерінен туристік кәсіпорындарға рыноктық қол жеткізуді жеңілдету үшін аз мүмкіндіктер береді. Үкіметтер сауданы ырықтандыру, бірлескен туризм кәсіпорындары және Жібек Жолы елдерінің операторлары үшін салық режимін жеңілдетуге негізделген саясат пен стратегияны қабылдау қажеттілігі бар.

- Жібек Жолы өнімінің әлеуетін дамыту қажет. Бұл туристік ресурстарды мүкәммалдауға дайындалуды; бірнеше елдер/орындарға келіп-қайтуды көздеген туризм өнімін дамытуды; Жібек Жолының бай мәдени мұрасын сақтау мақсатында өнерлер мен кәсіпшілікті дамытуды; бірлескен маркетингті қалыптастыру және іске асыруды және стратегиялар мен бағдарламаларды жылжуды; Жібек Жолы имиджін жақсартуды; Жібек Жолының туристік өнімін жалпы ұранмен логотипін (эмблемасын) жасауды енгізеді.

Жібек Жолы өңірлеріндегі экономикалық ынтымақтастықты донорлық және серіктестік қолдау

Бірнеше көпжақты және екіжақты донорлар Орталық Азия елдеріндегі өңірлік экономикалық ынтымақтастықтың маңыздылығын танытты. Қайталауды болдырмау мақсатында үйлестіру және оң энергия асау өңірлік экономикалық ынтымақтастық мәселелерін ұзақ мерзімді дамыту үшін аса маңызды болып табылады.

Азия Даму Банкі (АДБ) Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықта басты рөл атқарды. АДБ өз қызметін төрт бағытта жүзеге асырады: 1) көліктегі ресурстарды жұмылдыру, энергетика мен сауданың дамуына жәрдемдесу; 2) жалпы институционалды негіздерді нығайту; 3) Орталық Азия, Ауғанстан және Оңтүстік Азия елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты жылжу және қолдау; 4) донорларды үйлестіруді күшейту.

Орталық Азиялық Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастықтың (ОАӨЭҰ) АДБ Бағдарламасын АДБ 1997 жылы бастаған. ОАӨЭҰ бағдарламасының негізгі міндеті экономикалық ынтымақтастықты қолдау арқылы экономикалық өсімге және Орталық Азия өңіріндегі өмір деңгейін арттыруға жәрдемдесу болып табылады. Бағдарламаның жарамды стратегиялары инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру және көлік, сауда және энергетика салаларындағы трансшекаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу саясатын жақсарту, сондай-ақ тауарлар мен адамдардың жылжуы үшін трансшекаралық кедергілерді жоюға бағытталған саясат реформаларын жылжыту.

2002 жылы АДБ 115 миллион АҚШ доллар сомасына энергетика және саудаға жәрдемдесу секторларында екі инвестициялық жоба үшін несиелерді бекітті. Бұл ЕҚДБ Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстандағы жол жобасын қоса қаржыландыруды болжанады. 10 миллион АҚШ доллар көлік секторын зерттеу және Орталық Азиядан Оңтүстік Азияға және Иранға көлік дәліздерін қолдауға бекітілген. АДБ кеден баждары жүйесіне Кедендік Үйлестіру Комитетін (КҮК) қолдау арқылы қатысты. Донорлық үйлестіруді нығайту саласында АДБ Орталық Азия бойынша жыл сайынғы министрлер деңгейіндегі мәжілісті ұйымдастырады.

ЕО (ТАСИС) : Ұлттық көлемдегі жобалар жекелеген елдерде және секторларда ШОБ кәсіпорындарын дамытуға бағытталады. Сауданы дамытуды қолдау жөніндегі маңызды мәселелер Қазақстанмен және Қытаймен трансшекаралық сауданы талдауды қосатын, сарапшылар қауымдастығын құруды бастаған ШОБ жөніндегі қырғызстандық жобада қамтылған. Жақын арада қырғыз-қытай трансшекаралық сауданы жақсартуға бағытталған бағдарлама басталған.

ЮСАИД сауда әлеуетін күшейту жөніндегі техникалық көмек бағдарламасы (ТСВ) олардың ғаламдық экономикаға ықпалдасуы үшін өтпелі экономикамен елдерге көмектесу үшін арналған. Стратегиялар сауда келіссөздерге, сауда келісімдерін іске асыруға, сауда мүмкіндіктеріне экономикалық әрекет етуді дамытуға көмектесу қосады.

Техникалық көмектесудің өңірлік бағдарламалары: Кәсіпкерлікті дамыту жобасы (КДЖ) ШОБ дамытуға бағытталған; жоба Орталық Азия елдерінде кәсіпкерлікті дамыту орталықтарын құруға көмектесті (КДО). Сауда және инвестициялар жобасы (СИЖ) өңірдегі сауданы дамыту мәселелерін шешуге бағытталған.

ЕО-ның Орталық Азиядағы Шекараларды Басқару жөніндегі Бағдарламасы (ОАШББ - WOMSA) Орталық Азияның бес еліне шекаралық басқару тиімділігін жақсартуға көмектесуде басты рөл атқарды. ОАШББ шекаралық пункттарға тікелей көмек шекарадағы басқаруды жаңару үшін қажет көптеген компоненттердің бірі болып табылатынын түсінуде. Едәуір кең мәселелерден (құқық және заңнама, ұйымдық құрылым, адам ресурстары, сыбайлас жемқорлық, шекара маңындағы тұрақсыздық, донорлық көмек мәселелеріне көмектесу секілді) тыс әзірленсе көмектесу жөніндегі шаралардың перспективалары жоқ және қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік аспектілерде тиімді емес.

Экономикалық саясатты әзірлеумен айналысатын жүйе (EPIN) Орталық Азияға арнайы бағытталуы бар РБЭС өңірінің кірістері төмен елдердегі экономикалық саясатты әзірлеумен айналысатын мекемелерде талдамалы, консультациялық және әкімшілік әлеуетті күшейтуге бағытталған өңірлік жоба болып табылады. Оның мақсаты экономикалық және әлеуметтік саясат мәселелері жөніндегі ұлттық дебаттардың тәуелсіз қатысушыларына сенімді арттыру болып табылады. Бұған осы елдерде экономикалық саясат мәселелерімен айналысатын мекемелер мен зерттеулері

мен зерттеушілерінің саясат саласындағы тәжірибесі және өтпелі кезеңнің мәселелерін шешуде пайдалы практикалық тәжірибесі бар ЕО жаңа елдерінің (атап айтқанда Орталық Еуропа) сондай мекемелері арасындағы байланыс орнату арқылы қол жеткізіледі.

Халықаралық сауда орталығы (ХСО) ЮНКТАД/ДТҰ. 2002 жылы ХСО Швейцария Үкіметі қаржыландыратын Орталық Азиядағы саудаға жәрдемдесудің өңірлік жобаны (SECO) бастады. 2003 жылы жоба Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан үшін төрт ұлттық жобаға бөлінген. Ұлттық жобалар ұлттық сауда стратегиясын дамытуға, рыноктық талдауға, ДТҰ мәселелеріне, мемлекеттік сатып алу және сауда ақпаратқа қатысты салаларды қамтиды.

Жапония Үкіметі сауда секторына және Орталық Азия елдеріндегі әлеуетті көбейтуге ODA несиелерін береді (даму үшін ресми көмекке концессиялық несиелер).

Норвегия Үкіметі/ЮНЕСКО қаржыландыратын "Орталық Азия және Гималайдағы таулы өңірлерде мәдени және экологиялық туризмді дамыту" жобасы Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстанның ішкі өңірлерін қамтиды.

БҰҰДБ

БҰҰДБ өз жағдайы бойынша Орталық Азия елдерімен өңірлік экономикалық ынтымақтастығы мәселелерінде Қытайдың қатысуын қамтамасыз ету арқылы ішкі өңірлік диалогқа жәрдемдесуге қабілетті жалғыз көпжақты ұйым болып табылады. Ұйым Орталық Азия өңірінде және ЖЖӨДБ арқылы - өңір мен қытай арасында өңірлік ынтымақтастықты қолдаудың бай тәжірибесіне ие. БҰҰДБ Жібек Жолында орналасқан елдерде күшті институционалды қатысуға ие және оның үйлестіруінде осы сияқты көп және екі жақты донорлық қызметке көмектесетін БҰҰ-ның агенттігі жүйесінде үйлестіруші рөлді жүзеге асырады. І Фазада БҰҰДБ-ның қатысуын үкімет мүшелері неғұрлым тығыз экономикалық ынтымақтастық үшін маңызды катализатор ретінде қарады.

Жібек Жолы Өңірін Даму Бағдарламасы (ЖЖӨДБ-І): Өңірлік Ынтымақтастық үшін Әлеуетті күшейту және Дамыту (2000-2002)

ЖЖӨДБ-І өңірлік ынтымақтастықты дамыту үшін мыналар: мүше елдерде (Қытайда, Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда) Ұлттық Үйлестіру Механизмдерін (ҰҰМ) құру; бірлесіп оқыту бойынша жұмыс семинарлары мен қызметтерін жүргізу уақытында диалог; екі бірлескен зерттеулер мен ХСО (Тәжікстанда және Қырғызстанда) Орталықтар желісін құру арқылы негіз құрды. Бағдарлама мүше елдердің бағдарламасына қосылған Қытай үшін трансшекаралық сауда; Қазақстандағы шетелдік инвестициялар туралы Заңға өзгерістер енгізу; Қырғызстандағы шетелдік инвестициялар туралы Заңға өзгерістер енгізу үшін ынталандыру; Тәжікстаннан Қырғызстанға жол мәселелері бойынша жоспарлауды жаңғырту, сондай-ақ ерекше экономикалық аймақтар туралы Заң жобасын әзірлеу және шетелдік инвестициялар туралы Заңға бастамашылық мәселелерін қоса алғанда, кедендік статистика

мәселелерін анықтау сияқты ұсыныстарымен бірге тәжірибелік, жұмыс деңгейінде қызметке жәрдемдесті. Бағалау миссиясы "идеяларды тудырушы" алысқа қарыштаған жоспар мүше елдердің үкіметтері энтузиазммен қолдаған, өңірлік ынтымақтастықтың маңызды форумы ретінде жобаның дамуына үлес қосқаны туралы қорытындыға келді. Келесі жұмыс бойынша ұсыныстар: бірқатар негізде нақты іс-шараларды іске асырумен байланысты жағдайларды жақсартуды; жоба қызметін іске асыру жөніндегі күн сайынғы жұмыстарды олардың орындауы үшін орта деңгейдегі ұлттық бөлімшелерді құруды және ұлттық деңгейде іске асыруды жақсартуды қамтыды.

ЖЖӨП "Қытайдың әлеуеттік күшеюі және Жаңа Қытай Жібек Жолының (II Фаза) бойында орналасқан провинциялардағы адамдық ресурстарды дамыту" БҰҰДБ жобасымен бірге бір уақытта жүзеге асырылады. Жобаның мақсаты Қытай Жаңа Жібек Жолы (ЖЖЖ) өңірінің экономикалық дамуын қолдау болып табылады. Бұған өңірге сауда мен инвестиция үшін қолдау ортасын құру үшін жергілікті әлеуетті күшейту және ұлттық саясат реформасын қолдау арқылы қол жеткізілетін болады. Сондай-ақ жоба трансшекаралық экономикалық аймағын құрудың техника-экономикалық негіздемесін, сондай-ақ өңірлік сауда мен көлікті жақсартуға бағытталған саяси шешімдерді қабылдау деңгейінде Қытай мен Орталық Азия елдерінің арасындағы ынтымақтастығында қолдау көрсететін жұмыс жоспарын қамтиды. Мэрлар Форумы Жаңа Жібек Жолы (ЖЖЖ) өңірінде тұрақты туризм бойынша жол картасын келісу арқылы туризм компонентін қолдауға өз үлесін қосады.

Орталық Азия бойынша 2003-2005 жылдарға арналған БҰҰДБ-ның стратегиясы экономикалық реформаларды қолдау мен осы бағытта жұмыс істейтін басқа донорлармен үйлестіру негізінде демократиялық басқару үшін ұлттық және өңірлік деңгейде бастамаларды жүйелендіруге беттелген.

Б. СТРАТЕГИЯ

ЖЖӨП жобалық міндеттемелерге қол жеткізу бойынша ұлттық деңгейде жеке қызметтегі мүдделілік деңгейін жоғарылатуға жәрдемдесетін болады. Ол Ынтымақтастық жөніндегі Шанхай Ұйымымен (ШҰҰ) бірге және мүше елдердің үкіметтерімен тығыз ынтымақтастық негізінде саяси нәтижелерге қол жеткізу үшін ең жоғары деңгейде жұмыс істейтін болады. Ол бір уақытта Орталық Азия елдері мен Қытай арасында тұрақты экономикалық байланысқа кең қолдау көрсете отырып, институционалды әлеуетті дамыту үшін негіз құруға ұмтылатын болады.

Қытай мен Орталық Азия арасындағы өңірлік ынтымақтастықты күшейту ұзақ мерзімді кезеңде келісілген күшті қажет етеді. ЖЖӨП көмектің қосымша көздері мен қаржыландыру жалпы мақсатқа қол жеткізуге ықпал етуге ұмтылатын стратегиялық маңызды бастама ретінде қаралуы тиіс. Жоба жетекшілерінің негізгі мақсаты жоба шеңберінде іс-шараларды қолдау үшін **ресурстарды жұмылдыру** болады.

ЖЖӨП жобалық міндеттемелерге және үш мақсатты бағыттарға сәйкес келетін қолдау көрсетілетін **ұлттық бағдарламаларды** іске асыруға ықпал ететін болады.

Барлық өңірде неғұрлым тиімді экономикалық ынтымақтастық ұзақ мерзімді перспективада оң әсерге ие болады, жоба сондай-ақ өзінің географиялық қамтуының мүмкіндіктері мен кеңейту жолдарын зерделейтін болады.

Жоба көзінше Жібек Жолы өңірінде экономикалық ынтымақтастық ахуалын жақсартуға нақты үлесін енгізетін нақты мақсаттарды анықтайтын болады және олардың іске асырылуына ерекше мән береді. Ол үш өзара байланысты бағыттарда: сауда мен транзитте, инвестиция мен туризмде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталатын болады.

Б.1. Сауда және транзит

Жоба сауда мен транзит мәселелеріне екі жақты тәсілге негізделетін болады. Ол Жібек Жолы өңірінде сауда мен транзит мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау үшін **қолайлы саясат және құқықтық ортаны** әзірлеуге ықпал ететін болады; және ол өңірде сауда мен транзит саласында жеке сектордың **неғұрлым кеңінен** қатысуына ықпал ететін болады.

ШЫҰ-ның жұмыс топтары арқылы сауда, көлік және транзит бойынша жобалар мынадай: саясатты талдау және құқықтық-нормативтік базаны (ТТҒА/ТТА-ға қатысты мәртебені/шағын орынды қосқанда) бағалау; саясатты әзірлеушілер мен үкіметтен келетін лауазымды адамдар үшін сауда мен транзит мәселелері бойынша тиімді диалогқа бағытталған оқыту, жұмыс семинарлары мен дөңгелек үстелдер, шағын орындар мен басым бағыттарды анықтау бағыттарында жұмыс істейтін болады.

Ұлттық командалар жұмыстың егжей-тегжейлі және басқарылатын жоспары негізінде қол жеткізген мақсаттарды анықтау қарқынымен сауда және транзит мәселелері бойынша саясат пен ұсыныстарын басты талдауын әзірлеу үшін жұмыс топтарын қалыптастырады.

Бұл есептер Жұмыс Комитетіне және ШЫҰ-на талдау үшін берілетін және ұлттық және өңірлік мәселелер бойынша консенсусқа қол жеткізу үшін пайдаланатын **Іс-шаралар Жоспарының** жобасы үшін негіз қалыптастырады. Талдау мен шолудан кейін Іс-шаралар Жоспары оны қабылдау үшін ШЫҰ мен ұлттық үкіметке берілетін болады. Осы компонент бойынша жұмыс АДБ АӨЭЫО Бағдарламасымен бірге тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылатын болады. Саудаға жәрдемдесу мәселелері шекараны басқару мәселелерімен қатар туындаған жағдайда бірқатар дөңгелек үстелдер, семинарлар мен тренингтер (әсіресе сауда, транзит, офицерлерді - шекарашылар мен кеден қызметкерлерін оқыту бойынша) ұйымдастыруда ОАШБЖБ - ВОМСА-дан (Орталық Азияда шекараларды басқаруға жәрдемдесу бағдарламасынан) нақты көмек сұрайтын боламыз.

Жоба **жеке сектордың**, әсіресе ШОБ-ның өңірдегі сауда мен транзиттің жылжуына неғұрлым белсенді қатысуына ықпал етуге ұмтылатын болады. Барлық орталық азия елдерінде экономика жеке сектордың көбірек қатысуымен сипатталады, ШОБ-ның үлесі әрбір елде тоқтаусыз өсуде. Экономикалық мәселелерді ШЫҰ саммитінің күн

тәртібіне қосу жөніндегі ШЫҰ-ның ішіндегі жаңа бастама (ШЫҰ мүше елдердің арасында экономикалық қатынастарды нығайтуға арналған айрықша акцентпен) үкімет пен бизнес, мемлекеттік және жеке секторлар (МЖС) арасындағы сауданы жылжытуға және жәрдемдесуге бағытталған шаралар жетістігі үшін өте маңызды диалог үшін мықты негіз құрады. Мемлекеттік және жеке секторлардың өкілдері мен саясатты әзірлеуші тұлғалардың арасындағы табысты диалог рынок қажеттілігін анықтауда көмектеседі, айқындығын және ақпараттық ағынды жақсартады.

Жоба Кәсіпкерлік бойынша ШЫҰ-ның Кеңесіне қолдау көрсетеді, бұл өңірлік сауда мен транзитті жылжыту мен жәрдемдесу бойынша келісілген күш үшін қажетті негізді құрады. Бастапқы фаза кезінде жобаның жетекшілері қызметті жақсарту мен қолдау жолдарын анықтау бойынша тығыз ынтымақтастықта, сондай-ақ ұсыныстар жобасын әзірлеуде ШЫҰ-мен жұмыс істейтін болады.

Жоба кәсіпкерлік бойынша ШЫҰ-ның Кеңесімен мынадай, мысалы: кәсіпорын үшін сауда мен транзит үшін тренингтер мен жұмыс семинарлары; сауда кәсіпорындары мен сауда мен транзитке жәрдемдесуге жауапты мемлекеттік мекемелердің әлеуетін күшейту; экспортқа бағдарланған кәсіпорындар үшін сауда мен кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жобаларға бастама көтеру сияқты **әлеуетті күшейту бағдарламаларына** бастамашылық жасау бағыттары бойынша ынтымақтастықта жұмыс істейтін болады.

Бизнесті өңірлік деңгейде неғұрлым тиімді жасау үшін жоба кәсіпкерлік бойынша ШЫҰ-ның Кеңесіне ЖЖӨП қатысушы елдерде ұлттық ұйымдар, қауымдастықтар мен сауда палаталарының тізілімін құруда, сондай-ақ барлық өңір бойынша желі құруда көмек көрсетеді. Ол сондай-ақ **кәсіби бизнес қауымдастығы** желілерін құру арқылы өңірлік сауданы қолдау желісін нығайтуға көмектеседі.

Осы компонент сауда мен бизнесті дамыту, сондай-ақ жеке сектордың өкілдері арасындағы байланысты өңірлік деңгейде нығайту мәселелерін қолдау арқылы Жібек Жолы Инвестициялық Форумна үлес қосады.

Сауда ақпараты компанияларға халықаралық рынокта тиімді бәсекелесуге мүмкіндік беретін басты элемент болып табылады. Жоба Жібек Жолы өңірінде сауда мен транзиттің ұлттық деңгейде одан әрі жылжуының құралы ретінде коммуникациялық және ақпараттық қызметтерді жақсартуды қолдайтын болады және ИКТ үйлесімді орталықтарын сондай-ақ ақпараттар, білім мен тәжірибе ағынына ықпал ететін өңірлік және өңіраралық желілерін құру мүмкіндігіне баға береді.

АДБ, ЮНКТАД/ДСҰ және басқа да беделді халықаралық агенттіктер (ХТК, ЮСАИД) осы компонентті іске асыру бойынша серіктестер ретінде қаралатын болады.

Б.2. Инвестиция

Жоба **Жібек Жолы Инвестициялық Форумын** ұйымдастыру арқылы өңірде инвестициялау мәселелері бойынша мемлекеттік және жеке секторлар (МЖС) арасында серіктестікті жұмыс істететін және көтермелейтін болады. Жыл сайын немесе жылына

2 рет өткізілетін форум халықаралық және өңірлік инвестицияларды тартуға жұмыс істейтін болады. Барынша үлес қосу үшін жоба оған тікелей шетелдік инвестицияларды (ТШИ) жылжыту үшін мысалы: инфрақұрылым, туризм және қонақ үйлердің құрылысы басым салаларды алып тастай алады. Инвестициялық Форум Басқарушы Комитеттің шешіміне орай Жібек Жолының әр түрлі қалаларында алмастыру негізінде өткізілетін болады.

Өңірлік сауданы дамыту бойынша жұмыс семинарлары кәсіпкерлік бойынша ШЫҰ-ның Кеңесімен, сондай-ақ Жібек Жолы Инвестициялық Форумымен ынтымақтастықта өткізілетін болады. Синетгияны жақсарту мақсатында бірінші кездесу кәсіпкерлік бойынша ЮНКТАД Кеңесінің жыл сайынғы отырысын шақырумен үйлестірілетін болады.

Жоба перспективасына келетін болсақ, басты назар қол қойылған инвестициялық жобалардың санына қатысты нақты прогреске қол жеткізуге шоғырланатын және инвестицияларға бағдарланған болашақ жобаларды бірге жүзеге асыру үшін халықаралық және барлық өңірдің күшін нығайтатын болады.

ЮНКТАД өңірдегі инвестициялық ахуал бойынша жүргізілген зерттеулер негізінде өңірдің стратегиялық талдау-шолуын дайындайды, ТШИ деңгейін арттыру үшін тосқауылдарды қысқарту бойынша нақты ұсыныстарды береді. Бұл жұмыс алдымен Басқарушы Комитет пен ШЫҰ-на ұсынылатын болады.

Форумды өткізудің дайындық қадамы ретінде ұлттық командалар инвестициялық жобалар бойынша ұсыныстарды қалыптастыру және Форумның аясында ТШИ-ді тарту үшін мамандар мен бизнесмендердің-бірлескен-топтарын құратын болады. Жұмыс топтары мысалы: шетелдік инвестициялар туралы заңнаманы үйлестіру, Жібек Жолының бойындағы еркін сауда аймағының мүмкіндіктеріне өңірлік негізде инвестициялар үшін ынталарды әзірлеу (ШЫҰ-да талқылану үстінде) бойынша, сондай-ақ нақты инвестициялық жобалар мен барлық өңір бойынша әлеуетті серіктестіктер бойынша жұмыс істеуі мүмкін.

Форум жүргізуде мүдделі тараптардың мүдделерін көтеру мақсатында жергілікті әкімшіліктер мен облыстық деңгейдегі лауазымды тұлғалар оларда форум өткізумен байланысты ұсыныстарды талқылау үшін шақырылатын болады. Олар сонымен қатар жеке сектордың мейлінше кең қатысуын қамтамасыз ету әдістерін, жергілікті және ұлттық деңгейдегі басшылық тарапынан ұсынылатын қолдаудың егжей-тегжейлерін, өңірлік қатысуды мейлінше ұлғайтуды және т.б. талқылайтын болады. Осы жобаға қатысты басты салаларда нақты жобалар қарастырылатын, сондай-ақ инвесторлар талап ететін стандарттарға сәйкес келетін ұсыныстарды әзірлеу үшін берілген көмек қарастырылатын болады.

